"Ақтау қаласы 14 шағынауданындағы облыстық әкімдік ғимаратынан бастап " Ақтау-Бейнеу" тас жолына дейінгі аралықтағы жолды "Тәуелсіздік даңғылы" деп атау туралы" 2010 жылғы 30 қарашадағы қала әкімдігінің № 1147 және қалалық мәслихаттың № 37/334 бірлескен қаулысы мен шешімін жою туралы

Күшін жойған

Ақтау қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 11 қыркүйектегі № 1292 қаулысы және Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2014 жылғы 11 қыркүйектегі № 24/222 шешімі. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 11 наурыздағы № 409 қаулысымен және Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 11 наурыздағы № 38/384 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 11.03.2016 № 409 қаулысымен және Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 11.03.2016 № 38/384 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабы 4-1 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7 бабының 5 тармағына, Ақтау қаласы прокуратурасының 2014 жылғы 6 мамырдағы № 2-110107-14-03921 наразылығына және Маңғыстау облысының әділет департаментінің 2014 жылғы 6 мамырдағы № 02-17-1446 ұсынысына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. "Ақтау қаласы 14 шағынауданындағы облыстық әкімдік ғимаратынан бастап "Ақтау-Бейнеу" тас жолына дейінгі аралықтағы жолды "Тәуелсіздік даңғылы" деп атау туралы" 2010 жылғы 30 қарашадағы қала әкімдігінің № 1147 және қалалық мәслихаттың № 37/334 бірлескен қаулысы мен шешімі жойылсын.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы	*М.Сауғабаев*
Қала әкімі	*Е.Жаңбыршин*
Мәслихат хатшысы	*М.Молдағұлов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК